

"Физиканы оқытуда жоба әдісін қолдану арқылы оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру"

облыстық шығармашылық шеберханасының жұмысы қорытындыланды

2025-2026 оқу жылында Ақтөбе қаласы Бауыржан Момышұлы атындағы №62 жалпы білім беретін орта мектебінің физика пәні мұғалімі З.Ж.Касымованың жетекшілігімен **"Физиканы оқытуда жоба әдісін қолдану арқылы оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру"** тақырыбында облыстық шығармашылық шеберхана жұмысының төрт отырысы өткізілді.

Шеберхананың мақсаты - физика сабақтарында жоба әдісін тиімді қолдану жолдарын көрсету, мұғалімдердің кәсіби тәжірибесін жетілдіру және оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға бағытталған инновациялық әдіс-тәсілдерді тәжірибеде қолдануға үйрету.

Облыстық шығармашылық шеберхананың төрт отырысында қатысушылар жоба әдісінің оқушылардың физика пәніне деген қызығушылығын арттырудағы маңызын тәжірибе жүзінде дәлелдеді. Әр отырыста теориялық түсіндірмелер тәжірибелік жұмыстармен ұштастырылды.

Практикалық жұмыстар мен топтық жобаларды орындау барысында қатысушылар зерттеушілік, шығармашылық және коммуникативтік дағдыларын дамытты. Жоба әдісі оқушылардың теориялық білімін өмірмен байланыстыруға, өздігінен ізденуіне, мәселені шешу қабілетін қалыптастыруға және пәнге деген оң көзқарасын дамытуға мүмкіндік беретіні анықталды. Сонымен қатар қатысушылар өзара пікір алмасып, сұрақ-жауап алаңында өз тәжірибелерімен бөлісті.

Шеберхана нәтижесінде қатысушылар физика сабақтарына арналған жобаларды құрастырудың тиімді жолдарын меңгеріп, оларды оқу процесінде қолдануға дайын екендіктерін көрсетті. Осындай тәжірибелік шеберханалар мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттырумен қатар, білім сапасын жақсартуға және оқушылардың пәнге деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыруға ықпал етеді.

Қартбаева Айнұр Әуезханқызы, әдіскер



